

Қайталанбас тұлға

Ақадырдан суыт хабар жетті. Ысқақ ағамыз Тәукейұлы бақилыққа озды деген. Осы хабарды жеткізген Төрехан інім Майбас Ысқақ ағамыздың өмірінің соңында мені де іздегенін айтсын. Жүрегім шым ете қалды. Кірпігіме қалай жастың оралғанын да байқамай қалдым. Алдағы күзде облыс орталығында, не Ақордада өнер қайраткерлерінің қатысуымен үлкен бір кеш өткізуді жоспарлап едік. Күн өткен сайын сол жақындай түскен сынды еді, анығында алыстаған екен. Ол өнерге

ғашық еді. Ол өзінің бойындағы барлық қуатын туған еліне, туған жеріне арнады. Қысқа уақыт ішінде талай классикалық туындылар берді. Мұндай шығармашылық қуатпен, қайтарымен жұмыс істеген сазгерлер менің есімде жоқ. Сөйтсем, білген екен ғой - соңғы сағаттарының соғып жатқандығын. Қош, аяулы аға! Жатқан жеріңіз мамық болсын.

Рымбала ОМАРБЕКОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.

Өмірден рух өтті

- Ол қазақ рухының бір сынығы еді. Бір Жаратқанның шаруасын қараңыз, Бай-Өлкенің топырағын Арқаның бір пұшпағы Ақадырдың топырағына қосты. Бұл өлке қазақтың күй өнерінің кіші отаны болатын. Ол өнік топырағын осылайша тапты. Осында жүріп, қазақ баласының қиялына азық болатын өміршең шығармаларын берді. Сені қайдан көрдім деген мынау жабайы нарық заманында Қарқаралысын, Мәдиін, Сәкенін, Елбасын, Ақселеуін, Өмірін,

Ортауын, -Ақадырын ұлықтаған кесек туындылар тудырды. Ол жан бақпай, ән бақты. Ол ертеңімізге жұмыс істеді. Қарын тойғанда, құлағымыз ашылар. Сол кезде Оның шығармалары шашудайын шашылар.

Ол Қазақ руханиятының өлмейтінінің бір жарқын көрінісі болып, ел жадында қалатын болады.

Төрехан МАЙБАС,
ҚР Мәдениет қайраткері.

Өнердегі темірқазығымыз еді

Өмір сүрген ортасынан кете алмаған болар, бірақ байлаулы құлы да емес еді. Екі елдің дәмін бірдей татып, орлардың жерінің ғана емес, тілінің де, ділінің де ортақ екендігін өзі тудырған тел шығармаларымен дәлелдеп берген бірегей қас шеберлердің бірі еді. Ел күн көріс соңында ұсақ дүниелермен айналысып жатқанда ол кісі күйі тірлікке байланып қалмай, кесек туындылар берді. Өлмес классикалық шығармаларымен өнер әлеміне Сарыарқаның,

Қарқаралының, Мәдидің, Сәкенің, Ақселеудің қайталанбас образын берді. Шалғай ауылда жатып, оркестрге арнап шығармалар жазды. Сол жемісті шығармашылық жолдарында ол өзге тұрсын, өзін-өзі қайталамады. Оның әрбір шығармасы елеулі оқиға еді. Құбылыседі. Қош бол, өнердегі Темірқазығымыз! Қош бол, аяулы аға!

Әбуғалисан ШОҚАНБАЕВ,
Тәттімбет атындағы
академиялық оркестрдің
дирижері.

СЫЛҚЫМ САЗДЫҢ САҢЛАҒЫ

(Азалы арнау)

Саусағынан шерткенде күй
төгілген,
Аспандағы ыдырап бұлт
сөгілген.
«Ойтолғақ» пен «Жайлауда»
күйін толғап,
Тылсым күйдің үнінен жыр
өрілген.

«Ана аясында» сездірген ана
мейір,
«Тәттімбетке тағымда» таза
пейіл.
«Дариға, дәурен» күйі жастық

«Аңсауында» - елді аңсап жаны
кейір.

Жазушы, әрі ақын, сазгер Ысқақ,
Өлеңге әуен жазып берген
тыстап.
Оралған отанына, атажұртқа,
Жат елді жарты ғасыр жайлап,
қыстап.

Глинка, Бетховен, Моцарт
әр елдегі,
Атақты композиторлар
әлемдегі.
Музыкалық жанрдың бәрі
Ысқақта,
Күй, кантата, симфониялық
поэма әуендері.

Күй шертіп Құрманғазы
«Кісен ашқан»,
Тәттімбеттің «Саржайлауы»
күзгі аспан.
Қыздарбек, Сембек, Өбікенді
жалғастырып,
Бұл Ысқақ сомдап жазды күйден
дастан.

Естен кетпес, елгезек жарқын
жаның,
Сенбесін жағып кеткен
шамшырағың.
Қабіріңе Алланың нұры жаусын,
Жайлы болсын торқадай
топырағың.

Өріптес досы Алтай СМЕТ.